

Сабақтың тақырыбы:
Айтшы әжетай

Жарөткел негізгі мектебі
Бастауыш класс мұғалімі

Құттымұратова Айнагүл Қожабергенқызы




Сабақтың мақсаты:

Ана тілі сабағында тыңдау, түсініп оқу, мәнерлеп нақышына келтіріп рөлмен оқу арқылы сөйлеу әрекетін қалыптастыру.

1) Білімділік: Оқушыларға туыстық қарым – қатынастар, туыстық атаулар мен мамандық түрлері жайлы мағұлмат бере отырып, көркем сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

2) Дамытушылығы: Оқушылардың саналы түсініп, оқу қабілеттерін дамыту, туысқандарға деген мейірімділік қасиеттерін, әңгімелеу, еске сақтау, ойлау дағдыларын қалыптастыру.

3) Тәрбиелігі: Үлкенді сыйлап, құрметтеуге, сыйластыққа, қайырымдылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.





Психологиялық дайындық.

Тамаша күн досым,
Тамаша күн болсын.
Бүгінгі алар бағамыз,
5 – тік баға болсын.



Үй тапсырмасын тексеру

Үйге берілген тапсырма: «Мысық пен тышқандар» ертегісі.

1. Ертегінің мазмұнын айту /рөлге бөлу айтқызу/
2. Суреттерін ілу.

Өткен сабақты қайталау. Сурет бойынша 1 оқушыға әңгімелету.

3. Ертегідегі нақыл сөздерді тапқызу. «Бәрі таппаған ақылды кәрі табады».

4. Кәрі деген сөзді тағы қалай айтуға болады? (қария, ата, әже, қарт, үлкен кісі т.б.)

Тағы қандай туыстарды білеміз?





ЖАҢА САБАҚ

А) Нақыл сөзді оқып, мағынасын түсіндіру.


Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ.

Ә) Осы нақыл сөз бойынша қандай сурет салар едіңдер?

Б) Автормен таныстыру.





Жақан Смақов
(1932 – 1974)

Бұрынғы Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданындағы Ынталы деген жерде дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университеті фиология факультетінің журналистика бөлімін бітірген соң, «Советтік Жетісу» (қазіргі «Жетісу»), «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеттеріннің бөлім меңгерушісі, Қазақ телевизиясында редактор болып істеді. Ақынның алғашқы өлеңі «Пионер» журналында жарық көрді.



Кітаппен жұмыс:
Тізбектей оқу.
Рөлге бөліп оқыту.

Сергіту сәті


Қояндарды көреміз,
Қоянға ұқсап жүреміз.
Қолымызды алға ұстап,
Секіре басып келеміз



Дәптермен жұмыс

Сөздік жұмыс: Осы өлеңді оқып отырып қандай түсінбейтін сөз кездестірдің?

Ақтабан – белгілі бір аттың жеке аты.
Қаракөл қой – қойдың аты.



Өлеңге сүйеніп, әр мамандық
иесін табу. Байланыс
сызықтарын жүргізу.

Туыстық атау	Мамандығы

Сабақты бекіту



1. Туыстық атауларды үлгі бойынша топтастыр:
 - а) өлеңге сүйен;
 - ә) өз бетіңше жалғастыр.

Әке жағынан туыс	Шеше жағынан туыс

2. «Сен кім болғың келеді?» (сұрақ – жауап)
3. Ойын: Мамандық иесін ата: «Кім не істейді?»


ҚОРЫТЫНДЫЛАУ:

Ж						
А						
Қ						
А						
Н						



1. «Айтшы әжетай» өлеңінің авторы.
2. «Атасы мен немересі» әңгімесіндегі қартайып күші кеміген кім?
3. Ата, әже, үлкен кісі тағы қалай атауға болады?
4. Асыл жан.
5. Атаға жаны ашыған кім?

БАҒАЛАУ





Үйге

тапсырма:

- «Айтшы әжетай» өлеңін мәнерлеп оқу.
- «Кім болам?» тақырыбында шығарма жазу.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**